

Орталық 7 «Таза энергия» ОДМ және 13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» ОДМ сияқты орнықты даму мақсаттарын (ОДМ) белсенді қолдай отырып, орнықты даму қағидаттарын енгізуге шоғырланған.

Біздің қызметіміз экологиялық қауіпсіз технологияларды ілгерілетуге және орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл біздің стратегияларымыз бен бастамаларымыздың негізі болып табылады.

**Қоғамдағы орнықты даму
3 құрамдауыштан тұрады:**

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ



ӘЛЕУМЕТТІК

ЭКОНОМИКАЛЫҚ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰРАМДАУЫШ

Орнықты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге, Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауға, сондай-ақ операциялық тиімділік пен еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған. Қоғам ішкі процестерді жүйелі түрде оңтайландырады және трансформацияланатын экономикалық орта жағдайында басқарудың қазіргі заманғы әдістерін енгізеді.



ӘЛЕУЕМТТІК ҚҰРАМДАУЫШ



Қоғам қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және денсаулығын сақтауға, әділ сыйақы төлеуге, еңбек құқықтарын сақтауға, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби және жеке тұлғалық дамуына бағытталған әлеуметтік жауапкершілік саясатын іске асырады. Экологиялық және білім беру акциялары, қоршаған ортаны қорғау саласындағы хабардарлықты арттыру жөніндегі іс-шаралар қолдау көрсетіледі. Жаңа жұмыс орындары құрылып, өңірлердің тұрақты әлеуметтік дамуына ықпал ететін жобалар іске асырылуда





ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАУЫШ

Экологиялық жауапкершілік Қоғам қызметінің негізгі элементі болып табылады. Қоғам өз миссиясын іске асыру шеңберінде ең озық қолжетімді технологиялардың анықтамалықтарын әзірлейді және енгізеді, сондай-ақ жасыл жобаларды дамытуға және жасыл технологияларды енгізуге ықпал етеді, сол арқылы өнеркәсіпте энергия тиімді және ресурс үнемдейтін шешімдерді енгізуді қолдайды, биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтады. Қалдықтардың түзілуін қысқарту, оларды қайта өңдеу және экологиялық қауіпсіз жою технологияларын дамыту да басымдық болып табылады.

